

Әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысын көбейту және әскери қызметтен зейнеткерлікке шыққан адамдардың зейнетақысын қайта есептеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 7 мамыр N 1690. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жалақы мен жасына байланысты зейнетақының ең төменгі жаңа мөлшерін белгілеу туралы" 1994 жылғы 12 сәуірдегі N 1651 Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Әскери қызметшілерге, Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы" 1994 жылғы 25 сәуірдегі N 1682 қаулысына сәйкес белгіленген әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысы /N 1 - 4 қосымшалар/ 1994 жылғы 1 сәуірден бастап 2,5 е с е к ө б е й т і л с і н .

2. Әскери қызметтен зейнеткерлікке шыққан адамдардың зейнетақысы, қызмет өткерген жылдары үшін, мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын әскери қызметшілерге және асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы алатын қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне берілетін зейнетақы қызметте тұратын әскери қызметшілердің осы қаулыға сәйкес өсірілген лауазымдық жалақысына сәйкес 1994 жылғы 1 сәуірден бастап қайта есептелсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*